

Тарих және мәдениет
ескерткіштерін қорғау қоғамының
Қазақстан музей ісіне қосқан
үлесі

Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін
қорғау қоғамы – қоғамдық мекеме. 1972 жылы 7
қаңтарда құрылған.



- ▶ Мекеме халықты тарихи ескерткіштерді қорғау ісіне қатысуға тартып, ескерткіштерді қорғау мен пайдалану заңдарын көпшілікке жеткізумен шұғылданады. Мемлекеттік ескерткіш қорғау органдарының жұмысына жәрдемдеседі, ескерткіштердің сақталуына, пайдаланылуына, жөнделуіне және қалпына келтірілуіне қоғамдық бақылау жасайды, тарих және мәдениет ескерткіштері туралы ғылыми-танымдық деректерді халық арасында насихаттайды, соның негізінде Отанына, тарихына сүйіспеншілік, құрмет сезімін тәрбиелеу шараларын жүргізеді. Барлық облыстарда және Алматы қаласында қоғамның бөлімшелері құрылды. “Жалын”, “Жазушы”, “Өнер”, “Қазақстан” баспаларынан тарихи және мәдени ескерткіштер жөнінде шығармалар жарық көрді. Қоғам “Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштері” атты үш жинақты, “Атамекен”, “Мұр” атты тарихи публицистикалық альманахтарды әзірлеп, жарыққа шығарды. Жыл сайын өткізілетін өткізіліп тұратын “Марғұлан тағлымы” атты ғылыми конференция ұйымдастырып қаржыландырып келеді



- ▶ Әр түрлі археологиялық экспедицияларға қатысты. Қызылорда облысындағы Қорқыт Ата, Алматы облысындағы Черкасск қорған-мемориалы, Атырау облысындағы Исатай Тайманов ескерткішінің құрылысы, Ақтөбе облысындағы Есет Көкіұлы батыр бейіті, т.б. қоғам қаржысына орнатылды. Сол сияқты Астанадағы Кенесары ескерткішін, Семейдегі атом сынақтарының құрбандарына арналған монументті, Алматыдағы Тәуелсіздік Монументін жасауға қатысты.



ҚазТМЕҚК құрамы

- ▶ Төраға - Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан
- ▶ Төраға орынбасары - Баян Шотақызы Уәлихан
- ▶ Төраға орынбасары - Асқар Ксрауович Әлмұхамбетов (1936-2011)
- ▶ Төраға орынбасары - Түлембаева Айгүл
- ▶ Аудармашы-референт - Тәттібаева Нұрбану



Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан (Шота Уәлиханов) (26.4.1932 ж. туған, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылы) - сәулетші, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген сәулетшісі (1978), профессор, Шығыс елдері Халықаралық сәулетші академиясының академигі (2001).

